

ӘОЖ 81'44

ХҒТАР 16.21.47

<https://doi.org/10.48371/PNPLS.2026.1.80.022>

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ОФТАЛЬМОЛОГИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЖАСАЛУЫ

Хасанғалиева Б.К.¹, *Исакова С.С.², Исакова А.С.³, Қоңырова А. Т.⁴

^{1, *2}Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ақтөбе, Қазақстан

³Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар мен инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан

⁴ҚР Президенті жанындағы басқару академиясы, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Тіл біліміндегі антропоэлектік парадигма аясында терминжасам тәсілдерін зерделеу, термин жасау механизмдерін анықтау бүгінгі таңда өзекті болып саналады. Терминдерді когнитивтік көзқарас тұрғысынан зерттеу идеясының маңыздылығын төмендегілерден көруге болады: біріншіден, когнитивті аспект терминді терминжасаушы көзімен зерттеуге мүмкіндік береді, екіншіден, когнитивтік терминтаным терминнің күрделі әрі қарама-қайшы табиғатын түсінуге көмектеседі, терминшілерді терминнің ішкі заңдылықтарын зерттеуге бағыттайды, үшіншіден, терминтанымдағы когнитивтік зерттеулер терминді жаңа қырынан зерттеуге ықпал етеді. Зерттеуде когнитивтік терминтаным теориясына қатысты тұжырымдар мен ұстанымдар басшылыққа алынды. Құрылысы әртүрлі қазақ және ағылшын офтальмологиялық терминдерінің жасалуына салғастырмалы талдау жасалды, қазақ және ағылшын офтальмология терминдерінің жасалу тәсілдерін анықталды. Зерттеу нысаны – антропоэлектік парадигмадағы қазақ және ағылшын офтальмология терминологиясы. Зерттеу пәні – офтальмология терминдерінің жасалу тәсілдері. Зерттеудің мақсаты – қазақ және ағылшын офтальмология терминдерінің жасалу тәсілдеріндегі ұқсастық пен айырмашылықты концептуалды талдау негізінде анықтау. Зерттеу төмендегідей міндеттерді шешуге ұмтылады: 1) қазақ және ағылшын терминдерінің жасалуындағы негізгі тәсілдерді анықтау; 2) қазақ, ағылшын офтальмология терминдерінің жасалуына тән белгілерді анықтау; 3) офтальмология терминдерінің жасалуындағы жиі кездесетін тәсілдерді сипаттау; 4) терминжасам тәсілдерінің кәсіби білімді бейнелейтін терминдер жасаудағы орнын анықтау; 5) терминжасам тәсілдерінің терминжүйені жүйелеудегі, біріздендірудегі, кәсіби білімнің дәлдігі мен қысқалығын қамтамасыз етудегі рөлін анықтау. Зерттеу барысында түгелдей теру әдісі, сипаттама, сандық және салғастырмалы әдіс, концептуалды талдау әдісі қолданылды. Зерттеудің ғылыми жаңалығы алғаш рет қазақ және ағылшын офтальмология терминдерінің жасалу тәсілдері кешенді талдауымен анықталады. Зерттеу нәтижесінде қазақ және ағылшын офтальмология

терминдері морфологиялық, синтаксистік және семантикалық тәсілдер арқылы жасалатыны анықталды. Синтаксистік тәсіл екі тілде де өнімді тәсіл ретінде танылды. Морфологиялық және семантикалық тәсілдердің қолданыс жиілігінде айырмашылықтар анықталды, ол екі тілдің типологиялық тұрғыдан құрылысы әртүрлі тілдер екендігімен түсіндіріледі. Ғылыми зерттеудің практикалық маңызы алынған нәтижелер қазақ және ағылшын медицина дискурсын әрі қарай зерттеуде, басқа терминжүйелерді талдауда пайдалы болады. Алынған нәтижелер қазақ терминологиясын біріздендіруге ықпал етеді. Қазақ тіл білімінде кәсіби дискурсты зерттеуге негіз болады.

Тірек сөздер: термин, терминжүйе, когнитивтік терминтаным, метафора-терминдер, терминжасамның морфологиялық тәсілі, терминжасамның синтаксистік тәсілі, терминжасамның семантикалық тәсілі, терминжасам, офтальмология терминдері

Кіріспе

Бұл зерттеу қазақ және ағылшын офтальмология терминдерінің жасалу тәсілдерін анықтауға арналады. Офтальмология терминдері медицина терминдерінің бір саласын құрайды. Аталған терминдік жүйеде көз ауруларына қатысты барлық ұғымдар мен түсініктер көрініс табады. Көз аурулары терминдері бұған дейін аз зерттелген жоқ, бірақ ол зерттеулердің басым бөлігі дәстүрлі терминтаным аясында қарастырылды. Медициналық дискурс басқа дискурс жанрлары сияқты күнде өзгеріп, толығып отыратыны анық. Көз ауруларының түрлері, олардың пайда болу себептері, емдеу әдіс-тәсілдері ғылым мен техниканың дамуына байланысты көптеген өзгерістерге ұшырағаны белгілі. Сондықтан көз аурулары терминдерінің жасалу жолдарын салғастырмалы талдау өзекті болып саналады.

Зерттеу нысаны – қазақ және ағылшын офтальмология терминологиясы. Зерттеу пәні – офтальмология терминдерінің жасалу тәсілдері. Кез келген тілдің терминдері сол тілдің сөздік қорының негізінде жасалады. Әдеби тіл тілдің сөздік қорының барлығын қамтыса, терминологиялық лексика белгілі бір ғылым саласының заттары мен құбылыстарының атауларын білдіретін терминдерден құралады. Ғылым саласының атаулары тілдің сөздік қорын байытады, олардың ғылыми қолданысын кеңейтеді, ғылыми дискурста өзектеледі. Термин мен қарапайым лексиканың айырым белгілерінің өзі осы аталған сипаттарынан көрінеді. Терминдердің жасалу тәсілдері өзінің бастауын жалпы лексиканың жасалу тәсілдерінен алатыны анық. Тілдің лексикалық қабаты үнемі өзгеріп, толығып, дамып отырады. Жалпықолданыстағы сөздердің мағыналарының ауысуы, толығыуы, кеңеюі, тарылуы, саралануы нәтижесінде терминдер жасалады [1, 78 б.].

Зерттеудің мақсаты – қазақ және ағылшын офтальмология терминдерінің жасалу тәсілдеріндегі ұқсастық пен айырмашылықты концептуалды талдау негізінде анықтау. Зерттеу төмендегідей міндеттерді шешуге ұмтылады:

1) қазақ және ағылшын терминдерінің жасалуындағы негізгі тәсілдерді анықтау; 2) қазақ, ағылшын офтальмология терминдерінің жасалуына тән белгілерді анықтау; 3) офтальмология терминдерінің жасалуындағы жиі кездесетін тәсілдерді сипаттау; 4) терминжасам тәсілдерінің кәсіби білімді бейнелейтін терминдер жасаудағы орнын анықтау; 5) терминжасам тәсілдерінің терминжүйені жүйелеудегі, біріздендірудегі, кәсіби білімнің дәлдігі мен қысқалығын қамтамасыз етудегі рөлін анықтау.

Зерттеу барысында түгелдей теру әдісі, сипаттама, сандық және салғастырмалы әдістер, концептуалды талдау әдістері қолданылды.

Зерттеудің теориялық негіздеріне терминтаным мәселелері бойынша Б.Н. Головин, С.В. Гринев-Гриневич, В.М. Лейчик, Д.С. Лотте, А.А. Реформатский, Ю.В. Сложеникина, Ө. Айтбаев, Б. Қалиев, Ш. Құрманбайұлы, Қ. Айдарбек және т.б., когнитивтік терминтаным бойынша Л.М. Алексеева, С.Л. Мишланова, Л.П. Грунина, А.Г. Широколобова, Е.И. Голованова, С.П. Хижняк, А.Х. Азаматова, С.С. Исакова, М. Қожаева және т.б. ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы алғаш рет қазақ және ағылшын офтальмология терминдерінің жасалу тәсілдері кешенді талдауымен анықталады. Ғылыми зерттеудің практикалық маңызы алынған нәтижелер қазақ және ағылшын медицина дискурсын әрі қарай зерттеуде, басқа терминжүйелерді талдауда пайдалы болады.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Соңғы жылдары термин, терминдік жүйеге деген көзқарастар жаңаша сипат алып келеді. Дәстүрлі терминтанымдағы терминге берліген анықтамаларға бірқатар толықтырулар енгізілгенін көруге болады. Бұрын термин белгілі бір ғылым мен техника саласы заттары мен құбылыстарының атауы деп анықталса, бүгінгі күні термин кәсіби дискурс бірлігі ретінде танылады. Кәсіби дискурс кәсіби тілдік тұлғаны қалыптастыратын орта болып саналады. Кәсіби іс-әрекет жеке тұлғадан коммуникативтік стратегия мен тактиканы, белгілі бір тілдік құралдарды таңдауды талап етеді. Кәсіби дискурс күнделікті кәсіби тәжірибе негізінде қалыптасады [2]. Тіл біліміндегі антропоэзектік парадигма тілді оны жасаушы адаммен, оның мәдениетімен, ділімен, психологиясымен бірлікте қарастыру ұстанымын алға шығарды. Осыған байланысты терминді зерттеуге деген жаңа көзқарастар когнитивтік терминтаным аясында қарастырыла бастады. Когнитивтік терминтаным терминді тек тілдік бірлік ретінде ғана қарастырып қоймайды, ол адам өзін қоршаған дүниені қалай концептуалдайды, қалай таниды деген сұраққа жауап беретін ғылыми білімді репрезентациялайды. Когнитивтік терминтаным тұжырымдарының ерекшелігін терминнің кәсіби дүние бейнесінің бірлігі ретінде танылуынан көруге болады. Когнитивтік терминтаным терминдегі білім құрылымына, олардың терминжүйедегі орны мен өзара байланысына назар аударады.

Терминтанымдағы антропоэектілік кәсіби маманның ғылым мен техника нысандарын концептуалдау ерекшеліктерімен, ұғымның негізгі белгілерін ажыратуымен, ұғымға сәйкес атауды таңдауымен анықталады. Когнитивтік терминтаным терминжасамдағы метафораның ролін зерттейді. Ғылым тілінде метафора жаңаны бұрын белгілі зат арқылы түсіндірудің когнитивтік механизмін білдіреді. Когнитивтік терминтанымда термин кәсіби маман санасындағы ақпаратты өңдеу және репрезентациялау құралы ретінде танылады. Когнитивтік терминтанымда терминжасам екі деңгейлі үдеріс: концептуалды деңгей (жаңа білімнің қалыптасуы) және тілдік деңгей (жаңа білімді атауға сөзді таңдау). Кәсіби тілдік тұлғаның термин жасау шығармашылығы оның ойлау жүйесімен, ұлттық мәдениеті мен мінез-құлық ерекшеліктерімен байланысты жүзеге асатыны анықталды. Егер жалпы қолданыстағы тілдік құралдармен алынған ақпараттың негізінде адамдардың бір-бірімен, ортамен өзара қарым-қатынасы, мамандық шеңберінен тыс алынған әртүрлі тәжірибе жатса, терминдер ең бірінші адамдардың нақты кәсіби іс-әрекет үдерісінде қоршаған дүниемен, заттар мен құбылыстармен өзара қарым-қатынас тәжірибесінің нәтижесінде алынған, тіл арқылы бейнеленген ақпарат болып есептеледі. Кәсіби тәжірибе саналы түрде жинақталады. Бұл тұлғаның мақсатты іс-әрекет үдерісінде саналы ойлау арқылы жинақталатын тәжірибесі болып табылады. Аталаған үдерістің қарқындылығы адамның белгілі бір кәсіби салаға деген қызығушылығымен түсіндіріледі. Кәсіби тәжірибеге өзіндік сипат тән, өйткені тәжірибе әр мамандықтың өзіне ғана тән болып келеді. Кәсіби тәжірибе белгілі бір заттар мен құбылыстардың, нысандар мен үдерістердің атауының үздіксіз үлгісін құруға әсер етеді (С. Исакова, 2008). Сондықтан когнитивтік терминтанымдағы термин жасау тәсілдерін зерделеу, ондағы термин жасау механизмдерін анықтау бүгінгі таңда өзекті болып саналады. Зерттеу жұмысымызда когнитивтік терминтаным теориясына қатысты жоғарыда айтылған тұжырымдар мен ұстанымдар басшылыққа алынады. Құрылысы әртүрлі қазақ және ағылшын офтальмологиялық терминдерінің жасалуына салғастырмалы талдау жасау мақсат етіледі.

Зерттеу материалы ретінде С. Төлеуова, Ж.Ф. Мұстафинаның «Көз аурулары саласында жиі қолданылатын атаулардың орысша-қазақша сөздігінен» [3] алынған 254 термин, Қ. Жалмұхамедовтің «Көз аурулары терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігінен» [4] алынған 400 термин, ағылшын тілі бойынша “Lexicon Medicum: Anglicum, Russicum, Gallicum, Germanicum, Latinum, Polonum” [5] сөздігінен 122 офтальмологиялық термин талданды.

Нәтижелер және талқылау

Кез келген тілдің сөзжасамдық тәсілдері оның терминологиясына да тән болады. Қазақ және ағылшын офтальмология терминдері морфологиялық, синтаксистік және семантикалық тәсілдер арқылы жасалады. Сөзжасамдық

тәсілдердің тіл білімінде түрліше терминдермен аталып жүргені белгілі. Бұл туралы «Қазақ тілінің сөзжасамы» (Алматы, 2014) оқулығының авторлары Н. Оралбай, К. Құрманәлиев, Ж. Балтабаева былай деп жазады: «Бұл сөзжасамдық тәсілдердің түрліше аталып, терминдері қалыптаспағанын және морфология, синтаксиске қатысы жоқ мәселенің басқа-басқа салалардың атымен аталып, ол түсініксіздік туғызғанын білдіреді. Оның үстіне басқа тілдің сөзімен тілімізді орынсыз шұбарлаудың еш қажеті жоғы белгілі. Өйткені ол терминдердің бәрін қазақша атауға тіл байлығымыз жетеді. Сондықтан ол терминдер қазақша аталу керек» [6, 73 б.]. Қазақ тіл білімі терминдерінің ұлттық тіл негізінде қалыптасуына назар аударған оқулық авторлары сөзжасамдық тәсілдің 3 түрін 1) сөзжасамдық жұрнақ тәсілі; 2) сөзжасамдық күрделендіру тәсілі; 3) сөзжасамдық мағына тәсілі деп атап, олардың әрқайсысына жеке-жеке сипаттама береді.

Терминологиялық сөзжасам лексикалық сөзжасамға қарағанда күрделі. Терминологиялық сөзжасам логикалық-ұғымдық құрылымды талап етеді, ғылымаралық және тіларалық стандарттауға бағынады, термин лексикалық сөзжасам сияқты табиғи жолмен жасалмайды, ол терминдер жүйесі мен ғылыми ұғымдарға сәйкес болуы шарт (Д.С. Лотте, 1961). Терминжасам «реттелген» термин шығармашылығы, лексикалық сөзжасам «табиғи» сөз шығармашылығы болып саналады (В.М. Лейчик, 2007). Терминжасамның лексикалық сөзжасамға қарағанда күрделі үдеріс екенін төмендегідей бірнеше критерийлер арқылы анықтауға болады: 1) мағына жүйелілігі мен арнаулылығы. Лексикалық сөзжасам жалпыұлттық тілге қызмет етеді, тіл қолданушыларының барлығына түсінікті сөздерді жасайды. Терминжасам белгілі бір ғылым саласына қатысты арнаулы ұғымдарды жасайды. Сондықтан термин бірмағыналы, жүйелі болып, ғылым құрылымына сәйкес болуы тиіс. Мысалы, *intraocular pressure* – *көзішілік қысым* термині көздің физиологиялық көрсеткішін сипаттайды. 2) *халықаралық терминалмасым*. Терминдер көбінесе грек-латын түбірлеріне негізделіп жасалады. Бұл әсіресе медицина саласында жиі кездеседі. Лексикалық сөзжасам тілдің төл жұрнақтары арқылы жасалады. Мысалы, *keratoplasty* – *кератопластика* (*kerato* – «қасаң қабық» + *-plasty* «қалпына келтіру»). 3) нормативті шектеулер. Термин үшін дәлдік пен бірмағыналылық, эмоционалды реңктің болмауы, терминжүйедегі жүйелілік маңызды саналады. Сондықтан лексикалық сөзжасамға қарағанда терминжасамда нормативті талаптар қатаң талап етіледі. 4) терминнің анықтамасы. Терминнің ғылыми анықтамасының болуы бірінші және ең басты талап болып табылады. Мысалы, *glaucoma* немесе *суқараңғылық* терминдерінің клиникалық анықтамасы болады және ол анықтама сол ғылым саласында ғана қолданылады.

Тілдің жалпы лексикасымен салыстырғанда терминжасамдық жұрнақтардың мағыналық әлеуеті жоғары, олар ғылым саласының атауларын топтастырады, ұғым белгілерін саралайды және нақтылайды. Мысалы, қазақ тілінде –лы/ –лі/ –ды/ –ді/ –ты/ –ті жұрнақтары арқылы

торлы қабық, тамырлы қабық, кірпікшелі дене т.б. терминдер жасалып, көз аурулары атауларын белгілі бір қасиеттері немесе ерекшеліктеріне қарай топтастырады, жүйелейді. Ағылшын тілінде -а префиксі бір нәрсенің жоқ екенін білдірсе, -it, -itis суффикстері қабыну үдерісін білдіреді. Мысалы, *ablepharia, aphakia, aniridia, acorea, blepharitis, blepharitis, dacryoadenitis, dacryocystitis, iridosyclitis* т.б.

Кез келген әдеби тілдегі сөзжасамдық тәсілдер терминжасам үдерісіне де ортақ құбылыс. Сөзжасамның морфологиялық тәсілі деп түбір сөзге түрлі жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөз жасауды айтамыз. Осы тәсіл қазақ және ағылшын тіліндегі терминдерді жасауда елеулі орын алады. Термин жасаудың ең негізгі және өнімді тәсілдерінің бірі – сөз тіркестері арқылы, яғни синтаксистік жолмен термин жасау болып табылады. Синтаксистік тәсілдің көмегімен терминологияда көптеген тіркесті атаулар қалыптасады. Мұндай атауларды күрделі терминдер деп те атайды. Күрделі терминдер бүгін бір ұғымды білдіріп, әдеби тілдегі еркін тіркестермен салыстырғанда тұрақты болады. Қазақ және ағылшын тілінде офтальмология терминдерінің басым бөлігі күрделі терминдер болып келеді. Көз аурулары саласында жиі қолданылатын атаулардың орысша-қазақша сөздігінде (1998) берілген 254 терминнің 178-і күрделі терминдерден тұрады, ол 70%-ы құрайды. Аталған сөзжасамдық тәсіл қазақ терминологиясында өнімді тәсілдердің бірі саналады. Күрделі атаулардың әрбір үлгісінің негізі зат есім болып келеді. Қазақ тіліндегі күрделі терминдердегі зат есімнің алдынан сын есім немесе анықтауыш қызметтегі зат есімдер шоғырланады. Қазақ терминологиясындағы күрделі атаулардың саны жай терминдерден екі еседей көп. Бұндай жоғары көрсеткішті салалық терминологияның қайсысынан болмасын кездестіруіміз әбден мүмкін [1, 90 б.]. Ф.Х. Жубуева әдеби тілдегі сөздердің терминдену барысында байқалатын семантикалық өзгерістерді арнайы қарастырды. Зерттеушінің пікірі бойынша, мұндай өзгерістер үшке бөлінеді. Бір немесе бірнеше мағыналық компоненттерді біріктіретін терминдерді бірінші топқа, әдеби тілдегі сөз мағынасының барлығын біріктіретін терминдерді екінші топқа, сөз мағынасын қайта топтастыру негізінде жасалған терминдерді үшінші топқа ажыратады.

Автор терминдердегі мағыналық ерекшеліктерді зерделей келе, кей жағдайда негізгі семантикалық белгілер жалпы қолданыстағы сөздердің мағынасына кірмейтін, бірақ арнаулы ұғымды нақтылай түсетін жаңа мағыналық реңктермен толығады деп жазады [7, 67 б.].

Қазақ офтальмология терминдері жүйесіндегі туынды терминдерге жалғанған қосымшалардың санына қарай оларды былай топтап көрсетуге болады:

1. Бұл жұрнақ жалғануы арқылы жасалған туынды терминдер: соқыр+лық, ірің+дік, қара+шық, бұршақ+ты, қарақ+ты, суқараңғы+лық, сығырай+ма, қабақ+сыз,

2. Түбірге екі жұрнақ жалғануы арқылы жасалынған туынды

терминдер: саңлау+сыз+дық, қара+шық+тық, көр+гіш+тік, тер+іс-кен, ақ+шам+дық,

3. Түбірге үш жұрнақ жалғануы арқылы жасалған туынды терминдер: көз+іл+ді+рік, қор+ған+ыш+тық т.б.

Қазақ офтальмология терминдерін жасауға қатысатын сөз тудырушы қосымшаларды өнімді және өнімсіз деп бөлуге болады. Сөз тудырушы жұрнақтардың бірі сөзжасам, терминжасам барысында жиі қолданылып жүрген өнімді жұрнақтар болса, екіншілері бірді-екілі ғана сөздерді жасауға қатысқан өнімсіз жұрнақтар. Алайда жұрнақтың өнімді немесе өнімсіздігі оның тұрақты сипаты деп тануға болмайды. Бір кездері өнімсіз болып келген жұрнақтарды термин шығармашылығында жиі пайдаланып, оның сөзжасамдық белсенділігін арттыруға болады. Сондықтан өнімсіз деп танылып келген жұрнақтың белгілі бір кезеңдерде өнімді жұрнаққа айналуы әбден мүмкін (Ш. Құрманбайұлы, 2014). Көз аурулары терминдерін жасайтын өнімді жұрнақтарға **-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік** жатқызуға болады. Аталған жұрнақтардың тек қазақ тілінде ғана емес, жалпы түркі тілдерінде сөз тудырушы әлеуетінің жоғары екені туралы А.Н. Кононов [8], Р.А. Үрекенова [9] еңбектерінен кездестіруге болады.

-лық жұрнағының басты ерекшелігі – оның лексикалық қабаттың қай түріне болса да емін-еркін жалғануында болып отыр [1, 82 б.]. Ең алдымен **-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік** жұрнағы тіліміздегі төл сөздерге қосылып, жаңа атаулар қалыптастырады: *соқырлық, суқараңғылық, ақшамдық, саңлаусыздық, қарашықтық, көргіштік* т.б.

-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік жұрнағы кірме терминдерге еркін жалғанады. Мысалы, *глаукомалық, миопиялық, бинокулярлық, герпетиттік, дермоидтік, контакталық, метастатиялық* т.б.

Ғылым мен техниканың түрлі салаларындағы етістік терминдердің ішінде ең көп ұшырасатыны – тұйық етістік (Ш. Құрманбайұлы, 2014). Етістіктің -у тұлғасы қимыл есімдерін жасайтын жұрнақ болып саналады. Қимыл есімдері істің я әрекеттің нақтылы үдерісін білдірмей, тек оның атауы ретінде қызмет етеді. Мысалы: *көру, біту, қабыну, бұзылу, ауырту, түйілу, т.б.*

Орыс тілінен енген кірме терминдерге -у етістік тудыратын *-ла, -ле* жұрнағынан кейін келіп те жалғана береді: *реклинациялау, экзентерациялау, экстракциялау, т.б.*

Терминжасамдағы аффиксация тәсілінің кең таралған тәсіл екені белгілі [10, 265 б.]. Морфологиялық тәсіл арқылы жасалған ағылшын офтальмология терминдері негізінен префикстер (а- префиксі бір нәрсенің жоқ екенін білдіреді; bi- префиксі екі, қос деген мағынаны білдіреді; bin-префиксі де екі, жұп деген мағынаны білдіреді) арқылы жасалады. Мысалы, *ablepharia* – көз қабақтарының болмауы; *aphakia* – көз бұршағының болмауы; *aniridia* – көздің түсті қабығының болмауы; *acorea* – көз қарашығының болмауы; *bifocal glasses* – бифокальды көзілдірік; *binoculus* -тесілген жараларда, операция жасаған кезде ауру көзге толық жағдай жасау

мақсатында көз алмасын қимылдатпау үшін екі көзді бірдей таңу; *binocular vision* – затты екі көзбен бір сәтте қабылдап көру; *binocular magnifying glass* – бинокуляр лупасы. Ағылшын офтальмология терминдерінде префикс пен суффикс арқылы жасалған (*ablepharia* – аблефария, қабақтардың болмауы) термин кездеседі. Мұндағы -ia суффиксі қабақтың патологиялық жағдайын білдірсе, a- префиксі қабақтың болмауын білдіреді [11, 233 б.]. Зерттеуші К.Ю. Вавилова ағылшын офтальмология терминдерінің ішінде жиі кездесетін қабыну мағынасын білдіретін -itis суффиксін атап көрсетеді [11, 233 б.]. Шындығында аталған суффикс ағылшын офтальмология терминдер жүйесінде басымдық танытатынын зерттеу барысы дәлелдеді. Сонымен бірге -it суффиксі де қабыну мағынасында термин жасауға қатысатыны анықталды. Мысалы, *blepharitis* – қабақтың қабынуы болса, *blepharitis* – қабақ шеттерінің қабынуын білдіреді; *dacryoadenitis* – көз жасы безінің қабынуы; *dacryocystitis* – көз жасы қалтасының қабынуы; *iridosyclitis* – көздің шатыраш қабығы мен цилиарлық денесінің қабынуы; *iritis* – көздің шатыраш қабығының қабынуы; *canaliculitis* – көз жасы тесіктері мен оның өзектерінің қабынуы; *keratitis* – көз мүйіз қабығының қабынуы; *conjunctivitis* – көздің шырышты қабығының қабынуы; *maculitis* – сары дақтың қабынуы; *meibomitis* – мейбоми бездерінің жедел қабынуы; *panophthalmitis* – көздің барлық қабықтарының іріңдеп, жедел қабынуы; *periphlebitis* – вена айналасындағы дәнекерлі тканьдердің қабыну үдерісі; *pingueculitis* – көз шажырқай майының қабынуы; *retinitis* – көздің тор қабығының қабынуы; *scleritis* – көзді қатты тітіркендіру, ауыртумен және қызғылт түсті, кейде күлгін түсті, инфильтрат склерасының пайда болуымен қабаттасып келетін склера қабынуы; *tenonitis* – көз алмасындағы тенон капсуласының қабынуы; *uveitis* – бүкіл тамыр жолдарының қабынуы; *keratoscleritis* [5, 585 б.] – көздің мүйіз қабығы мен склерасының қабынуы.

Қазақ офтальмология терминдері синтаксистік жолмен жасалады. Терминдік жүйедегі синтаксистік тәсіл тіркесті терминдердің көмегімен жасалады. Терминжасамда синтаксистік тәсілдің өнімді тәсіл екенін В.П. Даниленко [12], Т. Сайрамбаев [13, 46 б.] атап көрсетеді. Мысалы, *көз рефракциясы, мүйіз қабық, шатыраш қабық, көз тензиясы, телескопиялық көзілдірік, көз жасы қалтасының флегмонасы, көз шарасының флегмонасы, көз халькозы, көз алмасы, саңылау шам, көз жасы тесігінің эверсиясы, мүйіз қабық жарасы* [4], *түстерді ажырата алмау, көздің көрмеуі, көз алмасының болмауы, көздің талып ауыруы, көз алмасының солуы, бұршақсыз көз, қабақ базалиомасы, көз саңылауының кішіреюі, ымыртық көрмеу, елеусіз қыли, көзді қимылдатқыш, көз жасы безінің қабынуы, қас үсті доға* [3] т.б. Ағылшын офтальмология терминдер құрамында тіркесті терминдер саны басымдық танытады. Мысалы, *binocular refraction, bullous keratopathy, fast eye movement, superior ophthalmic vein, superior quadrantanopia, temporary loss of vision, heteronymous hemianopia, ophthalmic artery, orbital decompression* [14] т.б.

Қазақ және ағылшын офтальмология терминдері семантикалық тәсілмен жасалады. Жалпықолданыстағы сөздердің терминденуі арқылы көз аурулары терминдері жасалады. Мысалы, ағылшын тіліндегі *accommodation* [11, 234 б.] сөзінің бірнеше мағынасы бар, бірақ офтальмология терминдер жүйесіне енгенде көз бұршағы бейнесінің өзгеруі арқылы көздің әртүрлі қашықтықтағы заттарды көру қабілеті деген мағынаны білдіреді. Осы термин тіркесті терминдердің құрамында келіп *accommodation paralysis* [5, 884 б.] – аккомодация параличі; *accommodative asthenopia* [5, 9 б.] – аккомодацияның бәсеңдеуін білдірсе, *accommodometer* [5] – аккомодометр күрделі термині жасалады. Ағылшын офтальмология терминдеріндегі *palpebral fissure* [5, 371 б.] тіркесі жалпықолданыстағы саңылау (жердің немесе қабырғаның тесігі) мағынасындағы *fissure* сөзі көз саңылауы деген терминнің тууына негіз болған. Аталған термин қазақ офтальмология терминдер жүйесінде де дәл осындай семантикалық тәсіл арқылы жасалып, көздің үстіңгі және астыңғы қабықтарының арасындағы кеңістікті білдіреді [4, 58 б.]. Семантикалық терминжасамның жиі кездесетін тәсілдерінің бірі – мағынаның метафоралануы. Қазақ және ағылшын офтальмология терминдерінің метафоралану тәсілінің бірнеше механизмдерін атауға болады. 1. Заттың немесе құбылыстың сыртқы ұқсастығы: *көз алмасы* [3, 26 б.], *bulb of eye* [5, 349 б.] – көз алмасы (*bulb* – лампочка, пиязшық); *eyeball* [5] – көз алмасы (*ball* – доп мағынасында); *hordeolum* [5, 493 б.] – арпа (лат. *hordeum* – көздің жедел қабынуы кезінде арпаға, түйіршікке ұқсас заттың шығуы); *uvea* [5, 1202 б.] – көздің тамырлы қабығының қабынуы (лат. *uvea* – жүзім, жүзім шоқтарының қабығына ұқсайды); *көз бұршағы* [4, 91 б.] – мөлдір, сәл ғана сарғылт түсті, екі жағы бірдей дөңес келген линза тәрізді, жарық сәулелерін жақсы сындыра алатын дене (бұршақ – дақыл, дәнінің домалақтығы ұқсас); *көз шарасы* [3, 26 б.] – көз ұясы, орыны (шара – пішіні дөңгелек ыдыс); *өгіз көз* [4, 54 б.] – көздің ішкі қысымы көтерілу салдарынан мүйіз қабық пен көз алмасы көлемінің ұлғаюы (өгіздің көзіне ұқсап үлкеюі); 2) құрылысы жағынан ұқсастық: *sclera* [5, 1044 б.] – склера (грек. *sklēros* – қатты); *trachoma* [5, 844 б.] – *трахома* (грек. *trachys* – кедір-бұдыр); 3) қызмет ұқсастығы бойынша: *eyelid* [5, 349 б.] – қабақ (*lid* – қақпақ); *squint* [5, 1087 б.] – қыли көз (*to squint* – көзін қысу) т.б.

Офтальмология терминдерінің жасалу тәсілдерін анықтап алған соң, біз концептуалды талдауға көшеміз. Концептуалды талдау терминді анықтап қана қоймайды, оның мағынасын, ұғымдар жүйесін, басқа терминдермен байланысын ашуға мүмкіндік береді.

Көз құрылысына қатысты терминдерге *қасаң қабық (cornea)*, *торлы қабық (retina)*, *көз бұршағы (lens)* жатады.

Қасаң қабық

Концепт: көздің талшықты қабығының мөлдір, аваскулярлы алдыңғы бөлігі.

Негізгі белгілері:

Құрылымдық: алдыңғы рефракциялық элемент;

Қызметі: көздің сыну күшінің 2/3 бөлігін қамтамасыз етеді;

Физиологиялық сипаты: жоғары сезімталдық;

Клиникалық сипаты: инфекцияларға, дистрофияларға, жарақаттарға бейім.

Байланысты концептілер: сыну, мөлдірлік, эпителий, эндотелий, кератит, кератопластика.

Торлы қабық

Концепт: жарық сигналдарын қабылдайтын және кодтайтын сенсорлық тін.

Негізгі белгілері:

Құрылымдық: фоторецепторлар, ганглион жасушалары;

Қызметі: фотондарды электрлік сигналдарға түрлендіру;

Клиникалық: дегенерация мен бөлінудің пайда болу орны.

Байланысты концептілер: макула, пигментті эпителий, фоторецепция, нейропатология, ретинопатиялар.

Көз бұршағы

Концепт: орналастыруға арналған мөлдір биоконвекс құрылымы.

Негізгі белгілері:

Қызметі: фокустау үшін қисықтықты өзгерту;

Физиологиялық сипаты: қан тамырларының болмауы;

Клиникалық сипаты: катаракта — негізгі патологиялық жағдай.

Байланысты концептілер: аккомодация, пресбиопия, көзішілік линза.

Көру қызметіне қатысты терминдерге *көздің өткірлігі (visual acuity)*, *көру аумағы (visual field)* жатады.

Көздің өткірлігі

Концепт: көздің ұсақ бөлшектерді ажырата білу қабілетінің өлшемі.

Негізгі белгілері:

Сандық: үлестермен, Snellen/Golovin–Sivzev бірліктерімен көрсетілген;

Сапалық: көздің оптикасына және нейросенсорлық механизмдерге байланысты;

Клиникалық сипаты: диагностиканың негізгі параметрі.

Байланысты концептілер: сыну, контраст сезімталдығы, амблиопия

Көру аумағы

Концепт: тұрақты көріністе көрінетін кеңістік аймағы.

Негізгі белгілері:

Кеңістіктік: өрістің ені анатомия мен нейрондық жолдармен анықталады;

Клиникалық: глаукома мен неврологиялық бұзылуларда диагностикалық тұрғыдан маңызды.

Байланысты концептілер: периметрия, скотома, гемианопсия.

Патологияны сипаттайтын терминдерге *суқараңғы (glaucoma)*, *катаракта (cataract)*, *кератит (keratitis)* жатады.

Суқараңғы

Концепт: оптикалық нервтің созылмалы нейропатиясы, көбінесе көзішілік қысымның жоғарылауымен байланысты.

Негізгі белгілері:

Патогенетикалық: ганглион жасушаларының прогрессивті өлімі;

Диагностикалық: оптикалық дискінің экскавациясының жоғарылауы;

Клиникалық: көру өрісінің біртіндеп тарылуы.

Байланысты концептілер: тонометрия, периметрия, нейропротекция.

Катаракта

Концепт: көз бұршағының қарауытуы

Негізгі белгілері:

Құрылымдық: белоктардың мөлдірлігінің бұзылуы;

Клиникалық: көрудің біртіндеп төмендеуі;

Емдік: ота жасау.

Байланысты концептілер: факоэмульсификация, ядролық катаракта.

Кератит

Концепт: қасаң қабықтың қабынуы.

Негізгі белгілері:


Этиологиялық: вирустық, бактериялық, саңырауқұлақ, акантамеба;

Функционалды: тыртық пен көру қабілетінің төмендеу қаупі;

Симптоматикалық: ауырсыну, фотофобия, лакримация.

Байланысты концептілер: мүйізді қабықтың жарасы, герпес кератиті, контактілі линзалар.

Офтальмология терминдерінің концептуалды жүйесі көздің құрылысынан, көру қызметінен, патологиядан, диагностика мен емдеуден тұрады. Төменде сурет түрінде ұсынамыз (1 сурет):



Сурет 1 – Офтальмология терминдерінің концептуалды жүйесі

Қорытынды

Когнитивтік терминтаным терминді кәсіби білімді концептуалдау және категоризациялау нәтижесі ретінде қарастырады. Когнитивтік терминтанымда терминжасам тәсілдері кәсіби білім құрылымын бейнелейді, жаңа ұғымдар мен концептуалды құрылымдарды қалыптастырады, кәсіби қарым-қатынастың сәтті өтуіне ықпал етеді. Когнитивтік терминтанымда терминжасам тәсілдері жаңа сөздерді жасау механизмі ғана емес, ойлау үдерістерін бейнелейтін, ғылыми білімді құрылымдайтын және тиімді кәсіби қарым-қатынасты қамтамасыз ететін құрал ретінде қарастырылады.

Қазақ және ағылшын офтальмология терминдерінің морфологиялық тәсілмен жасалуында айырмашылықтар басым. Бұл зерттеу нысанына алынып отырған екі тілдің құрылысының әртүрлілігімен түсіндіріледі. Қазақ терминжасамында жұрнақтар өнімділік танытады, өйткені түбір сөзге түрлі жұрнақтардың жалғануы арқылы әртүрлі көз аурулары атаулары жасалғанын зерттеу барысы көрсетті. Ағылшын офтальмология терминдер жүйесінде префикстер мен суффикстер арқылы жаңа терминдер жасалады. Түбірдің алдына жалғанған әрбір префикстің белгілі бір мағына білдіретінін жоғарыда талданған мысалдар дәлелдеп берді. Сонымен бірге, суффикстердің де жалғануының өзіндік мағыналық реңкі байқалады. Терминжасамдағы синтаксистік тәсіл екі тілде де өнімді тәсілдердің бірі болып саналады. Тіркесті терминдер түрлі сөз таптарынан жасалып, офтальмология саласының күрделі атауларын дәл әрі нақты беруге ұмтылады. Қазақ және ағылшын тілдерінде термин ретінде қолданылатын негізгі сөз табы – зат есім; Зат есімнен басқа сөз таптары жеке тұрып термин ретінде қолданылғанда заттану үдерісіне ұшырайды. Зат есімнен басқа сөз таптары (сын есім, сан есім, есімдік, қимыл есімі, есімше, үстеу) тіркесті терминдердің құрамында терминэлемент есебінде жұмсалады. Термин қалыптастыруда көмекші қызмет атқаратын терминэлементтер негізінен қазақ тілінің жұрнақтары мен көптік жалғаулары болса, ағылшын тілінде жұрнақтар, префикстер, көмекші сөздер жиі қолданылады.

Қазақ және ағылшын офтальмология терминдерін талдау семантикалық тәсілдің бірнеше түрін анықтады. Бірінші топқа арнайы қолданыстағы сөздерге қосымша мағына үстемеленіп, мағыналарының нақтылануы арқылы жасалған терминдер жатады (*мысалы, accommodation paralysis, accommodative asthenopia, accommodometer, palpebral fissure, көз саңылауы, көз жасы т.б.*). Екінші топқа терминдік мағынасымен бірге бұрынғы жалпы қолданыстағы мағынасын сақтаған терминдер жатады. Семантикалық тәсілдің үшінші түріне жалпы қолданыстағы сөздердің мағынасының кеңеюі негізінде пайда болған терминдерді жатқызамыз. Төртінші топқа метафоралану тәсілі арқылы жасалған терминдерді жатқызуға болады. Метафора-терминдер сыртқы түрінің, құрылысының, қызметінің ұқсастықтарына қарай ажыратылатыны анықталды (*көз алмасы, bulb of eye, hordeolum, uvea, көз бұршағы, көз шарасы, өгіз көз, sclera,*

трахома, eyelid, squint т.б.). Қазақ метафора-терминдері 11,4% (29/254), ағылшын метафора-терминдері 30,3% (37/122) құрады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Исакова С.С. Қазақ терминтанымы: лексикалық құрамы, жасалу тәсілдері, прагматикалық қызметі. – Алматы, 2007. – 159 б.

[2] Semino, E., Demjén, Z., & Demmen, J. An Integrated Approach to Metaphor and Framing in Cognition, Discourse, and Practice, with an Application to Metaphors for Cancer // *Applied Linguistics*. – 2018. – Pp. 625-645. doi:10.1093/applin/amw028

[3] Төлеуова С., Мұстафина Ж.Ф. Көз аурулары саласында жиі қолданылатын атаулардың орысша-қазақша сөздігі. – Алматы: «Кәусар бұлақ», 1998. – 108 б.

[4] Жалмұхамедов Қ. Көз аурулары терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1977. – 96 б.

[5] *Lexicon Medicum: Anglicum, Russicum, Gallicum, Germanicum, Latinum, Polonum.* / ed. by B. Złotnicki. – Warsaw: Polish Medical Publishers, 1971. – 1603 p.

[6] Оралбай Н., Құрманәлиев К., Балтабаева Ж. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы: Інжу-Маржан баспаханасы, 2014. – 290 б.

[7] Жубуева Ф.Х. Семантические изменения литературных слов в процессе их терминологизации // *Актуальные вопросы русской лексикологии и терминологии*. – Алматы, 1986. – С. 67-71.

[8] Кононов А.Н. Семантика цветобозначений в тюркских языках // *Тюркологический сборник 1975*. – Москва: Изд.-во «Наука», Главная редакция восточной литературы, 1978. – С. 159-179.

[9] Урекенова Р.А. Образование терминов в казахском языке. – Алматы, 1980. – 128 с.

[10] Досымбекова Р.О., Джельдыбаева Р.Б., Нұржаубек А.З., Ибраимова А.Р. Қытай тіліндегі медицина терминдерінің жасалуы және аударылуы // *Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы*. – 2023. – №4 (71). – Б. 265-280. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.71.4.019>

[11] Вавилова К.Ю. Образование офтальмологических терминов в английском языке // *Филологические науки. Вопросы теории и практики*. – 2019. – Том 12. – С. 231-235. <https://doi.org/10.30853/filnauki.2019.12.45>

[12] Даниленко В.П. Русская терминология (опыт лингвистического описания) – М., Наука, 1977. – 246 с.

[13] Сайрамбаев Т. Терминдердің сөз тіркесіндегі құрылымдық ерекшеліктері туралы // *Қазақ терминологиясының мәселелері*. – Алматы, 1986. – Б. 45-54.

[14] Фитч Т., Гут И., Кордонець И., Гудзь А. *Офтальмологический словарь*. – Видавництво: «Кварт», 2006. – 156 с.

REFERENCES

[1] Issakova S.S. Qazaq termintanymy: leksikalyq qūramy, jasalu tāsilderi, pragmatikalyq qyzmeti [Kazakh terminology: lexical composition, methods of formation, pragmatic function]. – Almaty, 2007. – 159 b. [in Kaz.]

[2] Semino E., Demjén Z., & Demmen J. An Integrated Approach to Metaphor and Framing in Cognition, Discourse, and Practice, with an Application to Metaphors for Cancer // *Applied Linguistics*. – 2018. – Pp. 625-645. doi:10.1093/applin/amw028 [in Eng.]

[3] Töleuova S., Mūstafina J.Ĝ. Kōz aurulary salasynda jii qoldanylatyn ataulardyñ oryssa-qazaqşa sözdıgı [Russian-Kazakh dictionary of frequently used terms in the field of eye diseases]. – Almaty: «Kāusar būlaq», 1998. – 108 b. [in Kaz.]

[4] Jalmūhamedov Q. Kōz aurulary terminderiniñ oryssa-qazaqşa tūsındırme sözdıgı [Russian-Kazakh explanatory dictionary of eye disease terms]. – Almaty: «Qazaqstan» baspasy, 1977. – 96 b. [in Kaz.]

[5] *Lexicon Medicum: Anglicum, Russicum, Gallicum, Germanicum, Latinum, Polonum.* / ed. by B. Złotnicki. – Warsaw: Polish Medical Publishers, 1971. – 1603 p.

[6] Oralbai N., Qūrmanāliev K., Baltabaeva J. Qazaq tılıniñ sözjasamy. – Almaty: Inju-Marjan baspahanasy, 2014. – 290 b. [in Kaz.]

[7] Zhubueva F.H. Semanticheskie izmenenie literaturnyh slov v processe ih terminologizacii // *Aktual'nye voprosy russkoj leksikologii i terminologii* [Semantic change of literary words in the process of their terminology // Actual questions of Russian lexicology and terminology]. – Almaty, 1986. – S. 67-71. [in Rus.]

[8] Kononov A.N. Semantika cvetoboznachenij v tyurkskih yazykah // *Tyurkologicheskij sbornik 1975* [Semantics of color designations in Turkic languages // *Türkologicheskij sbornik 1975*]. – Moskva: Izd.-vo «Nauka», Glavnaya redakciya vostochnoj literatury, 1978. – S. 159-179. [in Rus.]

[9] Urekenova R.A. Obrazovanie terminov v kazahskom yazyke [Formation of terms in the Kazakh language]. – Almaty, 1980. – 128 s. [in Rus.]

[10] Dosymbekova R.O., Jeldybaeva R.B., Nūrjaubek A.3., İbraimova A.R. Qytai tılındegı medisina terminderiniñ jasaluy jāne audarylyuy [Creation and translation of medical terms in Chinese] // *Abylai han atyndağy Qazaq halyqaralyq qatynastar jāne ālem tilderi universiteti Habarşysy. «Filologia ğylymdary» seriasy.* – 2023. – №4 (71), 2023. – B. 265-280. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.71.4.019> [in Kaz.]

[11] Vavilova K.YU. Obrazovanie oftal'mologicheskikh terminov v anglijskom yazyke // *Filologicheskije nauki. Voprosy teorii i praktiki* [The formation of ophthalmological terms in English // *Philological Sciences. Questions of theory and practice*]. – 2019. – Tom 12. – S. 231-235. <https://doi.org/10.30853/filnauki.2019.12.45> [in Rus.]

[12] Danilenko V.P. Russkaya terminologiya (opyt lingvisticheskogo

opisaniya) [Russian terminology (experience of linguistic description)]. – М., Nauka, 1977. – 246 s. [in Rus.]

[13] Sairambaev T. Terminderdiñ söz tırkesindegi qūrylymdyq erekşelikleri turaly// Qazaq terminologiasynyñ мәseleleri [On structural features of terms in phrases/ / Problems of Kazakh terminology]. – Almaty, 1986. – B.45-54. [in Kaz.]

[14] Fitch T., Gut I., Kordonec' I., Gudz' A. Oftal'mologicheskij slovar' [Ophthalmological dictionary]. – Vidavnictvo: „Kvart”, 2006. – 156 s. [in Rus.]

ОБРАЗОВАНИЕ КАЗАХСКИХ И АНГЛИЙСКИХ ОФТАЛЬМОЛОГИЧЕСКИХ ТЕРМИНОВ

Хасангалиева Б.К.¹, *Исакова С.С.², Исакова А.С.³, Қоңырова А.Т.⁴

^{1, *2} Ақтүбінский региональный университет им. К.Жубанова
Ақтобе, Қазақстан

³Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга
имени Ш. Есенова, Ақтау, Қазақстан

⁴ Академия управления при Президенте РК, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Изучение способов терминообразования в рамках антропоцентрической парадигмы в языкознании, определение механизмов создания термина является актуальным на сегодняшний день. Важность идеи изучения терминов с когнитивной точки зрения можно увидеть в следующем: во-первых, когнитивный аспект позволяет исследовать термин с точки зрения когнитивного терминоведения, во-вторых, когнитивное терминоведение помогает понять сложную и противоречивую природу термина, направляет терминоведов к изучению внутренних закономерностей термина, в-третьих, когнитивные исследования в терминоведении способствуют изучению термина с новой точки зрения.

В исследовании были приняты во внимание выводы и положения, относящиеся к теории когнитивной терминологии. Осуществлен сопоставительный анализ создания казахских и английских офтальмологических терминов в разноструктурных языках, выявлены способы образования казахских и английских офтальмологических терминов. Объектом исследования является казахская и английская офтальмологическая терминология в антропоцентрической парадигме. Предметом исследования являются способы создания офтальмологических терминов. Целью исследования является выявление сходств и различий в способах образования казахских и английских терминов офтальмологии. В ходе исследования рассмотрены следующие задачи: 1) выявлены основные подходы в образовании казахских и английских терминов ; 2) выявить особенности образования казахских и английских терминов офтальмологии; 3) описать общие подходы к созданию офтальмологических терминов; 4) определить место терминообразования в создании терминов, отражающих профессиональные знания; 5) определить роль способов

терминообразования в систематизации и унификации терминологической системы, обеспечении точности и краткости профессиональных знаний. В ходе исследования использовались метод сплошной выборки, описательные, количественные и сравнительные методы, а также метод концептуального анализа. Научная новизна исследования определяется впервые проведенным комплексным анализом способов образования казахских и английских офтальмологических терминов. В результате исследования установлено, что казахский и английский термины офтальмологии создаются морфологическим, синтаксическим и семантическим способами. Синтаксический подход был признан продуктивным подходом на обоих языках. Выявлены различия в частоте использования морфологических и семантических подходов, что объясняется тем, что типологически построение двух языков - это разные языки. Практическая ценность научной статьи заключается в том, что полученные результаты будут полезны при дальнейшем изучении казахского и английского медицинского дискурса, а также при анализе других терминосистем. Полученные результаты будут способствовать унификации казахской терминологии и послужат основой для изучения профессионального дискурса в казахском языкознании.

Ключевые слова: термин, терминосистема, когнитивное терминоведение, метафоры-термины, морфологический способ терминообразования, синтаксический способ терминообразования, семантический способ терминообразования, терминообразование, офтальмологические термины

CREATION OF KAZAKH AND ENGLISH OPHTHALMOLOGICAL TERMS

Khasangalieva B.K.¹, *Issakova S.S.², Issakova A.S.³, Konyrova A.T.⁴

^{1, *2} Aktobe Regional University named after K.Zhubanov

Aktobe, Kazakhstan

³Yessenov University, Aktau, Kazakhstan

⁴ the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan

Abstract. The study of the methods of terminology formation within the framework of the anthropocentric paradigm in linguistics, the definition of the mechanisms of term creation is relevant today. The importance of the idea of studying terms from a cognitive point of view can be seen in the following: firstly, the cognitive aspect allows you to study the term from the point of view of cognitive terminology, secondly, cognitive terminology helps to understand the complex and contradictory nature of the term, directs terminologists to study the internal laws of the term, thirdly, cognitive research in terminology promotes the study of the term from a new perspective. The study took into account the conclusions and provisions related to the theory of cognitive terminology. A comparative analysis of

the creation of Kazakh and English ophthalmological terms in different structured languages has been carried out, and ways of forming Kazakh and English ophthalmological terms have been identified. The object of the study is the Kazakh and English ophthalmological terminology in the anthropocentric paradigm. The subject of the research is the methods of creating ophthalmic terms. The aim of the study is to identify similarities and differences in the ways of formation of Kazakh and English ophthalmology terms. The following tasks were considered in the course of the study: 1) the main approaches in the formation of Kazakh and English terms have been identified; 2) to identify the features of the formation of Kazakh and English ophthalmology terms; 3) to describe general approaches to the creation of ophthalmological terms; 4) to determine the place of terminology in the creation of terms reflecting professional knowledge; 5) to determine the role of terminology formation methods in the systematization and unification of the terminological system, ensuring the accuracy and brevity of professional knowledge. The research used the continuous sampling method, descriptive, quantitative and comparative methods, as well as the method of conceptual analysis. The scientific novelty of the study is determined for the first time by a comprehensive analysis of the methods of formation of Kazakh and English ophthalmological terms. As a result of the study, it was found that Kazakh and English ophthalmology terms are created in morphological, syntactic and semantic ways. The syntactic approach has been recognized as a productive approach in both languages. Differences in the frequency of use of morphological and semantic approaches have been revealed, which is explained by the fact that typologically the construction of two languages is different languages. The practical value of the scientific article lies in the fact that the results obtained will be useful in the further study of Kazakh and English medical discourse, as well as in the analysis of other terminological systems. The results obtained will contribute to the unification of Kazakh terminology and will serve as a basis for the study of professional discourse in Kazakh linguistics.

Keywords: term, terminological system, cognitive terminology, metaphors, morphological method of terminology formation, syntactic method of terminology formation, semantic method of terminology formation, terminology formation, ophthalmological terms

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 02.04.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 26.03.2026.

Авторлар туралы мәлімет:

Хасанғалиева Бибиғуль Кенесовна – Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің оқытушысы, PhD, Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: bibigul2901@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1549-1469>

Исакова Сабира Сағынбекқызы – филология ғылымдарының докторы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің профессоры, Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: sabira-i@yandex.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2986-8885>

Исакова Асылымай Сагинбековна – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар мен инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан, e-mail: assylymay.issakova@yu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-7556-7795>

Қоңырова Ақбота Тұрағұлқызы – ҚР Президенті жанындағы басқару академиясы Алматы облысы бойынша эксперт-тренері, филология ғылымдарының кандидаты, Алматы, Қазақстан, e-mail: akbota74@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0009-1833-0896>

Информация об авторах:

Хасанғалиева Бибикуль Кенесовна – преподаватель Актюбинского регионального университета им. К. Жубанова, PhD, Актөбе, Казахстан, bibigul2901@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1549-1469>

Исакова Сабирә Сагынбековна – доктор филологических наук, профессор Актюбинского регионального университета им. К. Жубанова, Актөбе, Казахстан, e-mail: sabira-i@yandex.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2986-8885>

Исакова Асылымай Сагынбековна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Ақтау, Қазақстан, e-mail: assylymay.issakova@yu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-7556-7795>

Қонырова Ақбота Турағұловна – эксперт-тренер Академии управления при Президенте РК, Алматы, Қазақстан, e-mail: akbota74@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0009-1833-0896>

Information about the authors:

Khasangaliyeva Bibigul Kenesovna – teacher, K. Zhubanov Aktobe Regional University, PhD, Aktobe, Kazakhstan, bibigul2901@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1549-1469>

Issakova Sabira Sagynbekovna – Doctor of Philology, professor, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan, e-mail: sabira-i@yandex.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2986-8885>

Issakova Assylymay Sagynbekovna – candidate of Philology, Associate Professor, Yessenov University, Aktau, Kazakhstan, e-mail: assylymay.issakova@yu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-7556-7795>

Konyrova Akbota Turagulovna – trainer-expert at the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan, e-mail: akbota74@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0009-1833-0896>